



Жалағаш



№58 (9945)
25 шілде
сейсенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

ЖАРЫШЫСЫ

Білім жаңалықтары

Ұлттық жоба аясында 369 мектеп салынады

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылып келеді, оның шеңберінде 2024-2025 жылдары 740 оқушыға арналған жаңа форматтағы 369 мектеп салынады.

Бүгінде білім беру мекемелерін технологиямен жаратқандыру стандарттарын жасау бойынша жұмыс жүргізілді. Алдын ала жасалған тізімде жиһаз, көрнекі құралдар, оқу, компьютерлік, музыкалық, интерактивті және спорттық жабдықтар қарастырылған. Айта кету керек, «Атамекен» ҰҚП-мен бірлесіп отандық тауар өндірушілердің ұлттық жобасына қатысу мәселесі пысықталған.

Жаңа мектептер жеті түрлі болады: 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000 және 2500 орындық. Қазіргі уақытта мектептердің қуаттылығы бойынша форэскиздік жобалары, көлемдік жоспарлау шешімдері «Мемсараптама» РМК-мен алдын ала келісіліп, тиісті жұмыстар жүргізу үшін барлық өңірлерге жіберілген. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру апатты жағдайдағы, ұшауысымды және орын тапшы мектептер мәселелерін шешуге, сондай-ақ білім саласын арттыруға және оқу үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Оқулықтар цифрлық нұсқаға ауысады

Мектеп оқулықтарының 80 пайызын құрап отырған цифрлық нұсқадағы оқулықтар мемлекеттік сараптамадан өтіп, оқу-әдістемелік көшендер тізіміне енгізілді.



Оқу-ағарту министрлігіне қарасты орта білім комитетінің хабарлауына, оқулықтарды өзгерту жұмыстарына еліміздің 11 баспасы тартылған. Пәндерді оқытуды инновациялық тәсілдерін енгізу мақсатында педагогтер үшін әдістемелік ұсынымдар даярланған.

Бүгінде еліміздегі бастауыш сынып оқулықтары 94, 5-9-сынып оқулықтары 81, 10-11-сынып оқулықтары 61 пайыз электрондық нұсқаға көшірілді. 2024 жылы пәндерді цифрлық оқулықтармен 100 пайыз қамту жоспарланған, — деді орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмасhev.

Мектептерде электрондық оқулықтармен қатар қосымша оқу материалы ретінде мультимедиялық контент бар цифрлық білім беру ресурстары белсенді қолданылып жатыр. Қазіргі таңда 50 мыңнан аса цифрлық білім беру ресурсы жасалған.

«ЖЖ» ақпарат

Ауданда соңғы жылдары тың серпінмен ілгерілеген бірден-бір сала болса, ол — білім. ҰБТ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ЖАЛАҒАШ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ЖҮР. БҰЛ ТҰСТА ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН. ОЛАР ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕУДЕ АУҚЫМДЫ ІС ТЫНДЫРДЫ. ӨЙТКЕНІ БҮГІНГІ ЖАС ҰРПАҚ БІЛІМДІ БОЛСА, ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ БОЛАРЫ АҚИҚАТ. ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМДІ БОЛУЫ ЖАҒАНДЫҚ ДӘУІРДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУЫНА ЖОЛ АШАДЫ.

Бүгінгі ғасыр, жаһандану дәуірі мемлекеттерді бір-бірінен білім, ғылым, үздіксіз даму мен бәсекеге қабілеттілік арқылы ажыратып қойды. Дамушы елдер дамыған елдің осы жолдағы озық тәжірибелерін тұтынады. Біздің ел де қазір даму үстінде. Мақсат — дамыған отыздыққа ену, мәңгілік ел болу. Осы тұрғыда мемлекеттік саясатың, қолдау мен көмектің басым бөлігі білім саласына бағытталып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға басымдық берілуде. Әсіресе білімді ұрпақ тәрбиелеуде жасалып жатқан жұмыстың жүйесі көңіл көншітеді.

Жалпы, аймақтағы 330 мектепте 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 11 сыныпты бітіруші 8051 түлектің 7 219-ы ҰБТ-ға қатысты. Түлектердің орташа балы 87-ні құрады. 1213 түлек 100 және одан жоғары балл жинаған. Шекті деңгейден өтпегендер саны — 223. Биыл мемлекеттік грант конкурсына 6996 түлек қатысуда. Облыс бойынша ең жоғары 137 балды Арал ауданы №220 орта мектептің түлегі алса, Қызылорда қаласының сынақ тапсырушылары 134, Қазалы, Қармақшы, Сырдария аудандары және №9 Білім-инновация лицейінің түлектері 133 балл жинап, жоғары нәтижеге жетті. Оқу жылын 514 түлек «Алтын белгіге» және 823 түлек «Үздік аттестатқа» аяқтады.

Жаңа 2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа 17 543 бала келеді деп күтілуде. Оның ішінде 16 141-і немесе 92 пайызы қазақ сыныбына 8 пайызы орыс сыныбына оқуға өтініш білдірген. Сонымен бірге Мемлекет басшысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 800 мың орынға лайықталған білім ошақтарын салуға тапсырма бергені белгілі. Ұлттық жоба аясында облыста 2023-2025 жылдары 15 100 орынға арналған 21 мектептің құрылысын салу жоспарлануда. Атап айтқанда, Қызылорда қаласында 8, Арал ауданында 4, Қазалы ауданында 2, Қармақшы ауданында 2, Жалағаш ауданында 1, Сырдария ауданында 1, Шиели ауданында 1, Жаңақорған ауданында 2 мектеп салынады. 10 мектеп 2024 жылы, 11 мектеп 2025 жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бұдан бөлек бүгінде аймақта 6 апатты жағдайдағы мектеп бар, сондай-ақ 6 мектеп үш ауысымдық оқытуға көшіуі мүмкін. Жоспарға сәйкес мектептер 2024-2025 жылдары іске қосылмақ.

Өзіміздің өңірге келсек, аудан педагогтарының жүйелі жұмысы мен табандылығы саланың дамуына үлкен сеп болуда. Қазіргі таңда ауданда 20 мектеп жұмыс жасайды. Балаларды ыстық тамақ, киім-кешекпен қамту жайы да жаққа қойылған. Қосымша білім беру ұйымдары да ауданды білім саласының қарқын алуына, оқушылардың мектеп қабырғасындағы білімін жетілдіріп, өнерге, түрлі үйірмелерге бұлдар бағыты бойынша №232 орта мектептің 8 сынып оқушысы Исмаил Мансұр 3 орын иеленген. Ал олимпиаданың республикалық кезеңінде №201 мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы Әміртай Нұржайна 3 орын алған. 8-11 сынып оқушылары арасында республикалық «Лияс оқулары» байқауының облыстық кезеңінде «Ұлы тұлға арнау» бағыты бойынша №123 мектеп-лицейдің 9 сынып оқушысы Адис Шерхан 3 орын, «Лияс — сөз шебері» бағыты бойынша №38 орта мектептің 10 сынып оқушысы Абдраман Мұхаммед 2 орын, «Лияс — қазақ поэзиясының жыр құлагері» бағыты бойынша №118 орта мектептің 8 сынып оқушысы Жасуланұлы Нұрдиар 3 орын иеленсе, 8-11 сынып оқушылары арасындағы «Әбіш оқулары» байқауының облыстық кезеңінде «Иллюстрациялық сурет салу» бағыты бойынша №201 мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы Әміртай Нұржайна 1 орын, мөнерлеп оқу бағыты бойынша №38 орта мектептің 10 сынып оқушысы Абдраман Мұхаммед 2 орын, зерделеу жоба бағыты бойынша №116 орта мектептің 8 сынып оқушысы Синасат Ақниет 3 орын, сахналық қойылым бағыты бойынша №38 орта мектептің 9-10 сынып оқушылары 3 орын алған.

Биылғы жылдың өңіріндегі жетістіктер қатары мұнымен толастамақ емес. Жоғарыдағы жақсы жаңалықтар легін «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша республикалық көрме байқауының облыстық кезеңінде жүлделі орындардан көрінген жас таланттар жалғады. Олардың қатарында II орын алған №201 мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы Әміртай Нұржайна, I орын алған Сыдық Жанболат, Бектасқызы Жансая, №246



Білім мен біліктілік биікке бастайды

бұлдар бағыты бойынша №232 орта мектептің 10 сынып оқушысы Алдамжаров Тамерлан, II орын алған Мұхамеджан Айзере, III орын алған №202 орта мектептің 7 сынып оқушысы Демес Айбиби мен I орын алған №32 мектеп-лицейдің оқушысы Қайырбек Абдолла бар. Байқаудың республикалық кезеңінде №32 мектеп-лицейдің оқушысы Қайырбек Абдолла II орын иеленіп, аудан мақтаншытарының қатарын арттырды.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген халық, Біз атап өткен жүлделі жетістіктердің бәрінде ұстаздардың қолтаңбасы, маңдай тері, еселі еңбегі жатыр. Биыл аудан педагогтарының лайықты жетістігін «Жас маман — 2023» облыстық байқауынан I орынды еңшілеген №123 мектеп-лицейінің мұғалімі Бекетай Наурызбай, «Жас ұстаз — 2022» облыстық байқауынан III орын иеленген №123 мектеп-лицейінің мұғалімі Досқалиева Ұлжаң, Айшықхан Рамазан, Балхан Нұркен, Бекетай Наурызбай, Әмірзақ Мақсат бар. Ал Үздік педагог республикалық байқауында №123 мектеп-лицейінің мұғалімі Қосжанова Салтанат жеңіске жетті.

Жалпы, ауданның жақсы атын шығарып, абырой білігін көрсетіп жүрген бірден-бір жетістік — білім саласындағы оң нәтижелер. Ал сәт сайын жаңарып отырған ақпараттық толқыға ілесу, бәсекелестік жолдан табылу үшін білім, бәсекелестік жолдан табылу үшін білім мен тәжірибені ұдайы толықтырып отыру міндетті. Сонда біз заманымыз кез келген талабына, бәсекелік қабілеттілікке және білім бәйгесінде ел мерейін асыра аланын білікті жастарды тәрбиелей аламыз.

Нұржамил АЛМАСҚЫЗЫ

Ұлағатты ұстаз



Өнегелі өмір иесі

Жасы сексеннің сеңгіріне шықса да, Алла қуат берген ақжұалықты ана ұлтымызға тән асыл қасиеттердің желісін үзбей бүгінге дейін жалғастырып келеді. Қара шаңырақтың киесі болған Ұлданай апамыздың саналы ғұмырын білім саласына сарп еткенін аудан жұрты жақсы біледі. 60 жылдай білім саласында жүріп, қоғам өміріне де белсене араласты. Сол еңбек жолында ұлы мамандық иесі деген атақ лайықты болып, талай жастың қанатын қатайтты. Асылы, әрбір ұстаз ақтілеулі ана тәрізді. Барлық баланың бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Бұлақ көрсе көзін ашып, шәкірті өзіннен асып түссе көңілі толып, бар ғұмырын балаға арнаған қарапайым да қайсар жандар — ұстаздар.

Мақаламызға арқау етіп отырған жанның қызмет жолындағы еселі еңбегі бір бөлек. Ал өнегемен өрілген өмір жолы кейінгіге үлгі қыларлықтай. Сол себепті ардақты ұстаздың, сала ардагерінің өмір жолына тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Ұлданай Тоқпенбетова 1964 жылы жалағаштық азаматқа тұрмысқа шығып, отбасылық өмірге бірге қадам басты. Келіндік міндеті мен қоғамға қызмет етуді қатар алып жүрген ардагер ұстаз алғашқы еңбек жолын 1965 жылы институт бітірісімен Таң совхозында 7 жылдық мектепте бастапты. Осында 2 жыл ұстаздық етіп, кейін ата-анасының өтінішімен Жалағаш кентіндегі Коммунизм совхозының жанынан балабақша ашылатын болып, партия комитетінің хатшысы Н.Сермаханова сол балабақшаға меңгеруші етіп жібереді. Ол кезде мекеме ашу өте қиын болатын, сол қиындыққа төзе отырып, балабақша ашылады. Ол тұста партия комитетінің айтқаны заң.

— Менің сонша қиындықпен ашқан жұмысымды көре тұра, тәжірибесі бар деп 1972 жылы қазіргі Элеватор жанынан балабақша ашу керек деп сол жаққа ауыстырды. Ол жақта көрген қиындық ел алдына бір әңгіме. Қиындықсыз мекеме ашылмайды ғой. Қысқасы, сол мекемеден зейнетке шықтым, — дейді Ұлданай апамыз.

Иә, салада еткен еңбегінің өлетін түсуі де осы еді. Бір емес, екі бірдей балабақшаның ашылуына күш салған аулы ұстаз мұнымен тоқтал қалған жоқ, ауданның көптеген ісіне белсене араласты. Аудандық ардагерлер кеңесін құруда, онан да басқа аудандық іс-шаралардың басы-қасында жүре отырып, ауылдарда ардагерлер

ұйымын құрып, олардың жұмысының жандануына зор үлес қосты. Қаңша бөгі бір бөлек. Ал өнегемен өрілген өмір жолы кейінгіге үлгі қыларлықтай. Сол себепті ардақты ұстаздың, сала ардагерінің өмір жолына тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Ел білетін, аудан жұрты абыройы мен еселі еңбегін бағалаған ардақты жан отбасында ата-өнемен бірге тұрып, 9 бала тәрбиелеп, өсірді. Түзде ұстаздық қызметін абыроймен атқарса, балабақшаның да жұмысын жандандырып, өз перзенттерінің де жауапкершілігін арқалады. Қазіргі таңда ел анасының тәлімі мен тәрбиесін алып, алтын ұясынан түлеп ұшқан шәкірттері де, отбасы, ошақ қасында тағылымды тәрбиесімен сусындаған ұрпақтары да арман-мақсаттарына қол жеткізіп, еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етуде.

Ұлданай апамыздың үлкен қыздары Ләззат пен Сара Алматыдағы Қыздар пединститутын бітірсе, Лаурасы экономист мамандығын алған. Ал Үміті — дәрігер, Айнуры Астанада қызметте, Бақыты Қызылорда қаласында статист болса, Данасы — есепші, Сара қызы Қазақстанның қоғам қайраткері деген кітапқа енген. Кейіпкеріміз — ұрпақтарымыз, құда-жеқаттарымыз мың жасап отырған абзал ана. Әлі де аудандық іс-шаралардан шет қалған емес, тіпті аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі.

— Денсаулығым жаман емес, қоғамдық іс-шаралардан қалмай барып тұрамын. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді ғой, қалған өмірімді бала-баларымыз абыройлы еңбегіңіз жемісіне, нәтижесін көріп, сопағар тілқия болып отырса болғаны, — дейді сала ардагері.

Талай білімді білім нәрімен сусындап, болашаққа қанат қақтырды. Жас мұғалімдердің білікті маман болуына септігін тигізді. Өз балаларын да жалған сөйлемге, жаман әдеттерден аулақ болуға, бір-біріне кішіпейіл болуға баулыды. Отырған ортасында тарихи, танымдық өңгімелер айтып, жұрты ұйытып тыңдата білетін. Білім жолының қызығымен қатар қиындығы да соншалықты көп. Ерінбей, шыдамдылық пен жауапкершілікті жанына серік еткен ұстаз атаулының ұлы мамандық иесі атаулының сыры да осында екен. Апамызбен өңгімелесіп отырып «Ұстаз алдында отырған балалардың барлығы тұлға болып қалыптасады. Бірі ұстаз жолын қуар, бірі ақалатты абзал жан болар, енді бірі халық үшін қызмет етер, әйтеуір бәрін де білікті ұстаздың арқасында өмірден өз орнын бағытын табыры сөзсіз. Ана бала алғыр екен, ал мына бала ұнсыз тұлға, соңында сурақтың жауабын деп басып айтып отырады. Әйтеуір бір-бір мамандық иесі түлеп ұшты ғой» деген сөзі келді.

Халқымызда «тарихты тұлғалар жасайды» деген тағылымды сөз бар. Бүгінде ұлағатты ғұмыр иесінің ұрпақтары өсіп-жетілді, бір-бір әулеттің түтінін түтетті. Олардан тараған ұрпақтар да іргелі әулетті көпшілікке танытып, түрлі салаларда нәтижелі еңбек етіп жүр. Ұлданай апамыз — осындай өнегемен өрілген өмір жолында тоғыз баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген алтын құрсақты ана. Бүгінде сол перзенттерінен немере-шөбере сүйіп отыр. Расында кейіпкеріміздің өмір жолы, әсіресе салаға сіңірген еңбегі жастарға үлгі.

Нұр НАУАН

Сараптама

Ауыл шаруашылығы – аудан тірегі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі» екенін атап өтті. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететіне тоқтала келе, еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет екенін айтып, бұл стратегиялық міндет екенін ескерткен болатын. Аудан экономикасының негізгі салаларының бірі – ауыл шаруашылығы. Бұл ретте, саланың дамуына көңіл бөлініп, ауыл тұрғындарының әлеуметтік саласы қоса дамып, осы бағытта тұрғындардың кәсіппен айналысуына барлық жағдай жасалуда. Ауданда мал басы жылдан-жылға артып келеді. Бұл жалағаштықтардың аталған саладан мол табыс табуға болатынын түсінгенін байқатады.

Сыр салысы бас алды

Қазір көктемде сепкен Сыр салысы бас алуға жақындады. Тіпті ерте көктемнен бақша салуға ашылған жердегі өнімдердің алды пісіп жатыр. Бұған дейін ауыл шаруашылығы саласын толайым табыспен қорытындылайтын аудан шаруалары биыл да үлкен өнімнен үмітті. Себебі соған сай тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Сала заманауи техникалармен жарақталып, шаруалар табысы еселенуде. Жасыратын жоқ, қазір аяқ су тапшылығы дикандар үшін бірнеше жылдан бері күрделеніп келе жатқан үлкен мәселеге айналды. Десе де аудан әкімі бастаған өңір азаматтары қол қусырып отырмай аяқ су мәселесін оңтайлы шешу үшін барлық шараларды ұйымдастыруда.

Нақтырақ тоқталсақ, су тапшылығы жағдайында аудан шаруашылықтары насос қондырғыларын пайдалану арқылы егінді сумен қамтамасыз етуде. Қазіргі таңда өңір шаруашылықтары 40 дана су тартқыш насос қондырғыларын егінді суаруға пайдалануда, оның ішінде 12 дана насос қондырғысы «Жалағаш-сушар» өндірістік учаскесінен шаруашылықтарға берілсе, 28 дана насос қондырғысын шаруашылықтар өз қаржысына алған.

Сала мамандарының айтуынша, бүгінгі күнге дейін 179 гектар күріш алқабына су шықпай қалғаны анықталған. Яғни Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Мақпалкөл» ЖШС-ға қарасты 96 гектар, «Ақмар» ШҚ-ға тиесілі 15 гектар, Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі «Дінмұхаммед» ФҚ-ға қарасты 68 гектар алқапқа су шықпай қалғаны белгілі болып отыр. Аудан

гектар алқапқа егін толық орналастырылған. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 19 800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек бидай 750 гектарға, қант құмайы 70 гектарға, арпа 70 гектарға, соя 64 гектарға, мақсары 520 гектарға, сүрлемдік жүгері 700 гектарға, сұлы 5 гектарға, жаңа жоңышқа 4850 гектарға егіліп, 7200 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Сондай-ақ, картоп 646 гектарға, көкөніс 1 108 гектарға және басқа да бақша өнімдері 1 296 гектарға егілді.

Әрине, жерге тұқымды тастадың, әрі қарай дақыл өзіңнен өспейтіні тағы бар. Оның аяқ суынан бөлек, тұқым дайындауына, күтіміне, түрлі аурудан қорғайтын дәрісіне, тыңайтқыштарына уақытылы көңіл бөліну керек. Бір қуантарлығы өңірде ондай мәселе болмайды, себебі өзіміздің шаруашылықтар да бүгінде жоғары сұрыпты тұқым дайындауды қолға алғанына бірнеше жыл болыпты. Мәселен шаруашылықтар тарапынан 2023 жылы егін орналастыруға қажетті 4 950 тонна күріш, 120 тонна бидай, 0,6 тонна сұлы, 13 тонна мақсары, 12 тонна арпа, 4 тонна соя, 1 тонна қант құмайы, 15 тонна жүгері, 44 тонна жоңышқа тұқымдарын дайындау жұмыстары жүргізіліп, 2023 жылдың егісіне қажетті 10810 тонна минералдық тыңайтқыштар дайындалып, 24060 литр гербицид дайындалды. Көктемгі егісті орналастыру жұмыстарына аудан бойынша 887 дана ауыл шаруашылығы техникалары қатысса, шаруашылықтар тарапынан жыл басынан бүгінгі күнге дейін 11 дана ауыл шаруашылығы техникалары 168 011 мың теңгеге сатып алынған.

Бұл жұмыстар қарапайым шаруа адамның күнкөріс деңгейіне оң әсер еткен. Шаруашылықтар жерді ашып, дайындап береді, тұрғындар егін егіп, оның күтіміне ғана жауапты болады.

Осы орайда биыл ауданда жеке тұрғындардың бақша салуына 500 гектар жер дайындау жоспарланған болатын. Бүгінгі күнге дейін дайындалған 500 гектар жерге 921 отбасы 217,3 гектар картоп, 63 гектар көкөніс, 219,7 гектар бақша дақылдарын орналастырған. Бүгінде олардың алды қауын-қарбызын сабағынан үзіп, алғашқы өнімнен ауыз тиюде. Бұл жұмыстарды келер жылы да жалғастыру ойда бар. Бұл бір жағынан қарапайым халықтың қыстық азығын ала жаздай қамдап алуына үлкен мүмкіндік болып отыр.

Баға бақылауда ма?

Жасыратыны жоқ, елімізде азық-түлік бағасының өсуі қарапайым тұрғындар үшін мәселеге айналды. Ал бұл мәселемен күресудің бірден-бір жолы ауыл шаруашылығы саласын дамыту болып табылады. Осы ретте ауданда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында тұрақты түрде бақылау жұмыстары жүргізіліп келеді. Облыс әкімінің «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түріне күнделікті мониторинг жүргізілуде.

Жыл басынан бүгінгі күнге дейін 19 түрлі азық-түлік өнімдерінің 6 түрі, мәселен ақ күріш 110 теңгеге, нан 6 теңгеге, сиыр еті 150 теңгеге, қырыққабат 100 теңгеге, сәбіз 105 теңгеге, картоп 10 теңгеге қымбаттаған. 11 өнімнің бағасы, яғни қарақұмық жармасы 215 теңгеге, рожки 15 теңгеге, тауық еті 190 теңгеге, сүт 83 теңгеге, айран 80 теңгеге, ірімшік 50 теңгеге, жұмыртқа 160 теңгеге, сары май 50 теңгеге, күнбағыс майы 318 теңгеге, пияз 10 теңгеге, қант 40 теңгеге арзандаған. Ұн мен тұздың бағасы тұрақты.

Сондай-ақ ірі және шағын сауда орындарында ауданда өндірілетін және сырттан келетін 548,4 тонна азық-түлік өнімдерінің қоры бар. Оның ішінде ұн – 115 тонна, күріш – 40 тонна, қант – 65 тонна, макарон – 108 тонна, күнбағыс майы – 50 тонна, тұз – 38 тонна, пияз – 34 тонна, картоп – 38 тонна, сәбіз – 17 тонна және т.б.

Сонымен қатар, «Ақниет-2» көтерме сауда дүкені әлеуметтік бұрыш ашу жөнінде «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-мен меморандумға отырған. Қазіргі таңда әлеуметтік бұрыш ашылып, базар бағасынан 10-15 пайызға төмен бағада аудан тұрғындарына ұсынылып жатыр. Қазіргі таңда әлеуметтік бұрышта күріш 175 теңге, ұн 180 теңге, қарақұмық жармасы 320 теңге, күс еті 950 теңге, сүзбе 1283 теңге, өсімдік майы 580 теңге, рожки 275 теңге, жұмыртқа 36 теңге, қант 405 теңге, сүт 300 теңге, айран 230 теңге, сары май 650 теңге, тұз 40 теңгеден сатылуда. Сондай-ақ, 2022 жылы қараша айында «Ер-Әлі»



шаруа қожалығы «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-ға 30 тонна картоп өткізген.

Мал басында өсім қалыптасқан

Ауданда егін шаруашылығынан бөлек мал шаруашылығы қарқынды дамуда. Сондай-ақ осы бағытта жеке кәсіпкерлікті дамытуға қызығушылық танытқандардың қатары да артып келеді. Соның нәтижесінде өңірімізде мал басында едәуір өсім қалыптасқан. Жалпы, аудан көлемінде барлығы 40 918 бас мүйізді ірі қара, 45 759 бас уақ мал, 24 953 жылқы, 801 бас түйе, 102 бас шошқа, 11 348 бас құс өсірілуде. Өткен жылдың осы көзегінен салыстырғанда мүйізді ірі қара 105,9 пайызға, жылқы 109,2 пайызға, түйе 109,3 пайызға, уақ мал 97,8 пайызға, құс 100,9 пайызға орындалған. 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін барлығы 15 88,7 тонна тірлігі салмақта ет, 4673,6 тонна сүт, 114 мың дана жұмыртқа өндірілген. Өткен жылмен салыстырғанда ет 102 пайызға, сүт 101,5 пайызға, жұмыртқа 100,7 пайызға орындалып, бір сиырдан сауылған сүт өткен жылмен салыстырғанда 1,1 пайызға, жұмыртқа 1,9 пайызға артқан.

Аудан бойынша 138 шаруашылық мал өсірумен айналысуда. Оның ішінде тікелей «Сыбаға» бағдарламасымен 118 шаруашылық айналысады. Аудан көлеміндегі асыл тұқымды малдың үлес салмағына келсек, мүйізді ірі қара 1,9 пайыз, жылқы 2,2 пайыз, уақ мал 11,8 пайыз болды. Жыл басымен салыстырғанда мүйізді ірі қара 0,5 пайызға, жылқы 0,5 пайызға, уақ мал 4,2 пайызға артқан.

Оның ішінде 4 шаруашылық асыл тұқымды мүйізді ірі қара, 3 шаруашылық асыл тұқымды қой малын өсірумен айналысуда. Алдағы уақытта сүт тауарлы фермасын ашу мақсатында «Адал» ЖК 2022 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы «Жандос» ШҚ-дан қосымша 30 бас асыл тұқымды сүт бағытындағы Симментал сиырының қашарларын өз қаражатымен сатып алып жұмыс жасауда.

«Бақдаулет-57» ФҚ-ның типтік жобасындағы МҚ мал қорасы бар. Осы қораны сүт бағытындағы аналық малдарды ұстауға реконструкция жасауда. Екінші деңгейлі банкке несиеге құжаттары өткізілген, қазіргі жағдайда қаржыландыру қаралу үстінде. Қаржы мәселесі шешілген жағдайда Чехия мемлекетінен 96 бас МҚ аналығын әкелуді жоспарлап қойған.

Сонымен қатар «АгроЛидер Тан» ЖШС жанынан мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу цехы жұмыс жасауда. Цехта тәулігіне 0,5 тонна ет өндіріліп, 15 түрлі өнім дайындалып облыс көлеміндегі сауда орындарына өткізіледі. Қазіргі таңда кәсіпорын 8 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Бағдарламаның берері көп

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын жаңдандыруды Үкіметке тапсырғаны өсімде. Нақтырақ айтқанда, Президент: «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет. Үкіметке келесі жылдан бастап осы бағдарламаны қаржыландыруды 20 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырмын», – деген еді.

Жалпы, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы сан түрлі сала мамандарын қамтиды. Түпкі мақсат – ауылдағы кадр тапшылығы мәселесін жою екені белгілі. Қаладан келген жас маман көтерме жәрдемақы және пайызсыз несиеге қол жеткізіп, баспана алуға мүмкіндік алады. Бюджеттің несіе 15 жылға беріледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 18 ақпанындағы №183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына сәйкес, әлеуметтік қолдау

шараларын ұсыну ережесі мен әлеуметтік қолдау шараларының мөлшері тұрғын үй сатып алу немесе сауду үшін – 1500 МРП – 5175,0 млн теңге көзделген. Осы бағдарлама негізінде ауданымызда 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап бүгінгі күнге дейін тұрғын үй сатып алуға 968 жас маманға тұрғын үй несиесі берілді.

Тарқатып айтсақ, 2010 жылы 41 маманға 35,7 млн теңге, 2011 жылы 43 маманға 64,7 млн теңге, 2012 жылы 56 маманға 115,6 млн теңге, 2013 жылы 70 маманға 182,6 млн теңге, 2014 жылы 76 маманға 194,7 млн теңге, 2015 жылы 88 маманға 240,8 млн теңге, 2016 жылы 118 маманға 346,7 млн теңге, 2017 жылы 101 маманға 323,3 млн теңге, 2018 жылы 47 маманға 163,9 млн теңге, 2019 жылы 122 маманға 446,9 млн теңге, 2020 жылы 92 маманға 365,8 млн теңге, 2021 жылы 71 маманға 306,8 млн теңге, 2022 жылы 42 маманға 192,6 млн теңге берілген.

Аудан бойынша 2010-2022 жылдар аралығында 2983,6 млн теңге қаржы төленген. 2023 жылы тұрғын үй несиесіне республикалық бюджеттен 139,7 млн теңге қаржы қаралып отыр. 2023 жылға бір маманға тұрғын үй сатып алу немесе саудуға бөлінетін бюджеттік несіе көлемі 5 млн 175 мың теңгені құрайды. Қаралған қаржы 27 маманға тұрғын үй несиесін беруге есептелген. Кезекте 49 маман бар.

Біржолғы көтерме жәрдемақы алуға мамандар аудан әкімінің қаулысымен реттілікке қойылып, 2020-2023 жылдары аралығында 292 маман кезекте тұр. 2020 жылы 62 маман, 2021 жылы 119 маман, 2022 жылы 95 маман, 2023 жылы 16 маман кезекке қойылған.

Қортындылай келгенде, мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған осындай қолдаулар мен сол көмекті ұтымды пайдалана білген өңір шаруаларының өткен еңбектері ауданда ауылшаруашылығы саласын дамытып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға жол ашып отыр.

Жандос ЖАЗКЕН



Бақша өнімдерінің бабы қалай?

бойынша 2023 жылдың 12 шілдесіне дейін орналастырылған 19 800 гектар күріш егісінің 14 320 гектары немесе 72,3 пайызы жақсы жағдайда, ал 4 550 гектары немесе 23 пайызы қанағаттанарлық, 930 гектары немесе 4,7 пайызы нашар жағдайда болып отыр. Күтімге алынған 7 200 гектар ескі жоңышқа дақылдың 6 750 гектарының бірінші орымы аяқталды. Орта есеппен 1 гектардан 22,2 центнер өнім алынып, барлығы 14 985 тонна мал азығы жиналған.

Жалпы, аудан бойынша 2023 жылы орналастырылатын ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес, 37052 гектарға егін орналастыру жоспарланып, 37079

Өткен жылы ауданда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, бақша дақылдарын егуге арналған арнайы жер дайындалып, тұрғындарға табысталған болатын. Нәтижесінде өңір халқы картоп, пияз, сәбіз секілді көкөністермен қоса, қауың, қарбыз егіп, қажетті азық-түліктерін жинап алды. Биыл да жергілікті халық қосымша жерге, яғни егін егуге ынтасын білдірді. Себебі биыл бақша дақылдары жоспарланған көлемнен артық егілген. Демек,



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1155